
- Қақпақ жабық болса: блоктаудан шығару түймесін басыңыз. Қақпақ ашылады.
- Жуғыш заттарды тек жуу циклын іске қосудың тура алдында жүктеңіз.
- Тек ыдыс жуу машиналарына арналған сапалы жуғыш заттарды пайдаланыңыз.

**Назар аударыңыз!!!** Ыдыс жуу машиналарына арналған жуғыш заттар күйдіргіш болып табылады! Балалар жетпейтін жерде сақтаңыз.

## Жуғыш затты жүктеу

Сәйкес резервуарды жуғыш затпен толтырыңыз.


Оң жақтағы суретте әріптермен заттың дозасы белгіленген:

A – Негізгі жууға арналған жуғыш зат.

B – Алдын ала жууға арналған жуғыш зат.

Өндірушінің жуғыш зат орамасында берілген доза және сақтау туралы нұсқауларын орындаңыз.

Ыдыс қатты ласталса, алдын ала жуу бөліміне жуғыш заттың қосымша дозасын қосыңыз. Бұл жуғыш зат алдын ала жуу кезінде қолданылады.



- Жеке бағдарламалар үшін жуғыш заттың дұрыс мөлшері туралы ақпаратты 6-тарауда қараңыз.
- Заттың қажет мөлшері ластану дәрежесіне және су кермектігіне байланысты өзгеріп отыруы мүмкін екеніне назар аударыңыз.
- Жуғыш зат орамасындағы өндіруші ұсыныстарын орындаңыз.



## 5. ЫДЫС ЖУУ МАШИНАСЫНЫҢ КӨРЗЕҢКЕЛЕРІН ЖҮКТЕУ

### Ұсыныстар

- Тек ыдыс жуу машинасында жарамдылығы туралы белгісі бар асүй құралдарын сатып алыңыз.
- “Ыдысты сақтайтын” ретінде белгіленген жұмсақ жуғыш заттарды қолданыңыз. Қажет болса, жуғыш зат өндірушісінен толығырақ ақпаратты сұраңыз.
- Жекелеген ыдыс түрлері үшін ең төмен мүмкін температураны таңдаңыз.
- Зақымдарды болдырмау үшін бокалдарды және құралдарды ыдыс жуу машинасынан бағдарлама аяқталуынан кейін бірден алыңыз.

### Ыдыстың және құралдардың ыдыс жуу машинасы үшін жарамдылығы

Жарамсыз	Шектеулі жарамды
<ul style="list-style-type: none"> <li>- Ағаш, сүйек, фарфор немесе ... бар құралдар меруерт тұтқалары</li> <li>- Пластиктен жасалған термтөзімді емес заттар</li> <li>- Жабыстырылған, термотөзімді емес бөлшектері бар ескі құралдар</li> <li>- Жабыстырылған ыдыс және құралдар</li> <li>- Қалайы немесе мыс ыдыс</li> <li>- Хрусталь</li> <li>- Коррозия әсер ететін болат заттар</li> <li>- Ағаш тақтайлар</li> <li>- Синтетикалық талшықтардан жасалған заттар</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Кейбір шыны түрлері, үлкен жуғыш заттардың күңгірттенуі мүмкін</li> <li>- Күмістен және алюминийден жасалған заттар, мысалы әдетте, жуған кезде өңсізденеді</li> <li>- Шыны өшекейленген суреттер жиі жуғанда өңсізденуі мүмкін</li> </ul>

### 5.1. Көрзеңкелерді жүктеу кезіндегі сақтық шаралары

(Ыдыс жуу машинасының ең жоғары тиімділігіне жету үшін осы нұсқауларды орындаңыз. Ыдыс және құралдар көрзеңкесінің функциясы мен сыртқы түрі құрал үлгісіне байланысты ерекшеленуі мүмкін.)

Ыдыстан тамақтың үлкен қалдықтарын алыңыз. Табалардағы күйген тамақ қалдықтарын алдын ала жібітіңіз. Ыдысты құбыр суымен алдын ала шаю қажет емес. Ыдысты машинаға келесідей орналастырыңыз:

1. Саптыаяқтар, бокалдар, кәстрөлдер/табалар және т. б. сияқты заттарды түбін жоғары қаратып салыңыз.
2. Су аға алуы үшін иілістері немесе ойықтары бар заттарды көлбеу түрде қойыңыз.
3. Барлық заттарды сенімді тұратындай және аударылмайтындай орналастырыңыз.
4. Барлық заттарды жуу тармақтары жуу процесі кезінде еркін айнала алатындай орналастырыңыз.

**Ескерту.** Ыдыс жуу машинасына тым кішкентай заттарды салмаңыз, өйткені олар көрзеңкеден түсіп кетуі мүмкін.


- Затта немесе қуыстарда судың жиналуын болдырмау үшін саптыаяқтар, бокалдар, кәстрөлдер/табалар және т. б. сияқты іші қуыс заттарды түбін жоғары қаратып салыңыз.
- Ыдысты және құралдары бір біріне немесе басқа заттардың үстіне орналастырмаңыз.
- Бокалдар бір біріне тимеуі керек, әйтпесе олар зақымдалуы мүмкін.
- Жуу қиын үлкен заттарды төменгі көрзеңкеге орналастырыңыз.
- Жоғарғы көрзеңкеге көбірек сынғыш және жеңіл заттарды орналастырыңыз, мысалы, бокалдарды, шай және кофе саптыаяқтарын.
- Тігінен орнатылған жүздері ұзын пышақтар қауіп төндіреді!
- Ұзын және/немесе үшкір құралдар, мысалы, жабайы құсты кесу пышақтарын жоғарғы көрзеңкеде көлденеңінен орналастыру керек.
- Ыдыс жуу машинасын артық жүктемеңіз. Әйтпесе, жуудың жеткіліксіз тиімділігі және электр қуатын көп жұмсау қауіп пайда болады.

## Ыдысты шығару

Жоғарғы көрзеңкеден төменгісіне су тамшыларының ағуын болдырмау үшін алдымен төменгі көрзеңкені, содан кейін жоғарғасын босату ұсынылады.

## 5.2. Жоғарғы көрзеңкені жүктеу

Жоғарғы көрзеңке көбірек сынғыш және жеңіл ыдысқа арналған, мысалы, бокалдарға, шай және кофе саптыаяқтарына, табақшаларға, тәрелкелерге, шағын табақтарға және жалпақ табаларға арналған (олар қатты ласталмаған болса). Ыдысты және асүй құралдарын су ағынының әсерінен жылжымайтындай орналастырыңыз.




## 5.3. Төменгі көрзеңкені жүктеу

Өлшемі үлкен немесе жуу қиын ыдысты, мысалы, кәстрөлдерді, табаларды, кәстрөл қақпақтарын, әзірлеу табақтарын төменде көрсетілгендей төменгі көрзеңкеде орналастыру ұсынылады. Әзірлеу тәрелкелерін және кәстрөл қақпақтарын жуу тармақтарының айналуына кедергі келтірмеуі үшін көрзеңке қаңқасына жиегінде кірістіру керек.

Назар аударыңыз:

- Кәстрөлдерді, әзірлеу табақтарын және т. б. әрқашан түбін жоғары қаратып орнату керек.
- Су аға алуы үшін терең кәстрөлдерді көлбеу орналастырыңыз.
- Төменгі көрзеңке жиналатын істіктермен жабдықталған, бұл оған бір уақытта бірнеше кәстрөлді және табаны немесе өлшемі үлкен кәстрөлдерді және табаларды орналастыруға мүмкіндік береді.





#### 5.4. Үлкен ыдысты жүктеу туралы ұсыныстар

Арнайы ыдыс: мысалы, үлкен табалар және табақтар төменгі көрзеңкеде орналасады. Ұсынылатын орын:



## Жоғарғы көрзеңкені реттеу

Жоғарғы және төменгі көрзеңкелерде үлкен ыдыс үшін көбірек орын босату үшін жоғарғы көрзеңкенің биіктігін реттеуге болады. Дөңгелекшелерді әр түрлі биіктікте орналасқан бағыттағыштарға орнатып, жоғарғы көрзеңкенің биіктігін реттеуге болады. Үлкен заттарды, мысалы, әзірлеу, салат құралдарын және пышақтарды сөрелерде жуу тармақтарының айналуына кедергі келтірмейтіндей орналастыру керек. Қажет емес болса, сөрени жинауға немесе алуға болады.



## Төменгі көрзеңкенің жиналатын істіктері

Кәстрөлдерді және табаларды ең жақсы орналастыру үшін істіктерді оң жақтағы суретте көрсетілгендей төмен түсіруге болады.

## 5.5. Құралдарға арналған көрзеңке

Құралдарды құралдарға арналған көрзеңкеде тұтқаларын төмен қаратып орналастыру керек. Егер көрзеңке бүйірлік бөлгіштермен жабдықталған болса, қасықтарды сәйкес саңылауларда бөлек орналастыру керек; әсіресе, ұзын құралдарды суретте көрсетілгендей жоғарғы көрзеңкенің алдыңғы бөлігінде көлденеңінен орналастыру керек.

ІШІНЕ



4	5	5	2
2	5	5	4
2	5	5	2
2	5	5	2
4	5	4	4
2	4	7	2
2	3	1	1
4	4	1	1
3	3	1	1
3	3	3	1
3	4	3	1
6	3	6	1

- |                       |   |
|-----------------------|---|
| 1 Шанышқылар          |  |
| 2 Үстел қасықтары     |  |
| 3 Десерттік қасықтар  |  |
| 4 Шай қасықтары       |  |
| 5 Пышақтар            |  |
| 6 Әзірлеу қасықтары   |  |
| 7 Әзірлеу шанышқылары |  |



### Назар аударыңыз!!!

- құралдардың бөліктері кәрзеңке түбінен шығып тұрмауы керек.
- құралдарды кәрзеңкеге әрқашан ұшын төмен қаратып орналастырыңыз!



Жеке қауіпсіздікті қамтамасыз ету және ең жақсы жуу нәтижелеріне жету мақсатында құралдар кәрзеңкесін жүктегенде мыналарға көз жеткізіңіз:



- Құралдар бір біріне сүйеніп тұрған жоқ.
- Құралдар тұтқаларын төмен қаратып орналастырылған.
- Пышақтар және басқа ықтимал қауіпті құралдар тұтқаларын жоғары қаратып орналастырылған.

## 6. ЖУУ БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ ҚОСУ

### Жуу циклдерінің кестесі

**Ескерту.** “+” резервуарға шайғышты құю керек екенін білдіреді.

Бағдарлама	Циклды таңдауға арналған ақпарат	Циклдың сипаттамасы	Жуғыш зат (алдын ала/ негізгі жуу)	Ұзақтығы (мин.)	Электр қуатын тұтыну (кВт/сағ)	Суды жұмсау (л)	Шайғыш
Қарқынды (Intensive) 	Қатты лассталған ыдысқа, орташа лассталған кестрелдерге, тамақ қалдықтары кеуіп қатып қалған табаларға және табақтарға арналған.	Алдын ала (50°C) Алдын ала Негізгі (65°C) Шаю Шаю Шаю (55°C) Кептіру	4/23 г (немесе 1 ішіндегі 3)	120	1,13	16,0	+
Стандартты (Normal) 	Орташа лассталған ыдыстар үшін, мысалы, кестрелдер, бокалдар, аз лассталған табалар.	Алдын ала (50°C) Негізгі (55°C) Шаю Шаю (65°C) Кептіру	4/23 г (немесе 1 ішіндегі 3)	155	1,09	13,0	+
Үнемді ECO (*EN 50242)	Орташа лассталған ыдысқа арналған стандартты бағдарлама. Осындай ыдыс үшін қуатты тұтыну және суды жұмсау тұрғысынан ең тиімді.	Алдын ала Негізгі (50°C) Шаю (65°C) Кептіру	4/23 г (немесе 1 ішіндегі 3)	160	0,77	10,5	+

 90 min	Мұқият жууды қажет етпейтін, аз ласталған ыдысқа арналған.	Негізгі (65°C) Шаю Шаю (65°C) Кептіру	25 г	90	1,15	11,5	+
 Шыны (Glass)	Аз ласталған ыдыс және шыныға арналған.	Негізгі (40°C) Шаю Шаю (60°C) Кептіру	15 г	95	0,71	13,0	+
 Жылдам (Rapid)	Аз ласталған ыдысты тездетіп жуу.	Негізгі (40°C) Шаю Шаю (40°C)	15 г	30	0,5	9,0	+

### Примечание.

\*EN 50242: Бұл бағдарлама сынақ бағдарлама болып табылады. EN 50242 нормасы бойынша салыстырмалы сынақтар туралы ақпарат:

- Өнімділігі: 10 жинақ - DW-451, 14 жинақ - DW-601.
- Жоғарғы көрзеңкенің орналасуы: жоғарғы дөңгелекшелер бағыттағыштарда
- Шайғышты беру режимі: 6
- Өшірілген күйдегі қуатты тұтынуы: 0 Вт, күту режимінде 0,4 Вт

## 6.2. Құрылғыны қосу

### Жуу циклын іске қосу

- Жоғарғы және төменгі көрзеңкелерді шығарыңыз, ыдысты жүктеңіз және көрзеңкелерді қайта қойыңыз. Алдымен төменгі көрзеңкені, содан кейін жоғарғысын жүктеу ұсынылады (“Ыдыс жуу машинасын жүктеу” тарауын қараңыз).
- Жуғыш затты жүктеңіз (“Тұз, жуғыш зат және шайғыш” тарауын қараңыз).
- Желілік штекерді розеткаға қосыңыз. Электр желісінің параметрлері: 220-240 В айнымалы ток/50 Гц, розетка: 10 А, 250 В айнымалы ток.
- Сумен жабдықтау желісіндегі қысымды максимумға орнату керек.
- Қосу/өшіру түймесін басвыңыз, дисплейде қосу/өшіру индикаторы жанады.
- Қажет жуу циклын таңдау үшін бағдарламаны таңдау түймесін басыңыз. Есікті жабыңыз, 10 секундтан кейін ыдыс жуу машинасы жуу циклын іске қосады.

## 6.3. Изменение программы

Шарттар:

- Іске қосылған бағдарламаны тек процестің ең басында өзгертуге болады. Әйтпесе, жуғыш заттың ерітілген, ал судың төгілген болу ықтималдығы бар. Мұндай жағдайда жуғыш зат резервуарын қайтадан толтыру керек («Жуғыш затты жүктеу» тарауын қараңыз).

- Жуу процесін тоқтату үшін есікті кішкене ашыңыз. Ағымдағы бағдарламадан бас тарту үшін бағдарламаны таңдау түймесін 3 секунд бойы басып тұрыңыз. Бұдан кейін басқа жуу бағдарламасын таңдауға болады («Жуу циклын іске қосу» тарауын қараңыз).

### **Ескерту.**

Жуу циклын орындау кезінде есікті ашқанда құрылғы тоқтайды. Есікті жабудан 10 секундтан кейін құрылғы жұмысын жалғастырады.

### **Машинаға ыдыс жүктеуді ұмыттыңыз ба?**

Ұмытылған ыдыс заттарын машинаға жуғыш зат резервуары ашылмай тұрып жүктеуге болады.

- Жуу процесін тоқтату үшін есікті кішкене ашыңыз.
- Жуу тармақтары тоқтағаннан кейін есікті толығымен ашуға болады.
- Ұмытып кеткен заттарды көрзеңкеге жүктеңіз.
- Есікті жабыңыз.
- 10 секундтан кейін ыдыс жуу машинасы жұмысын жалғастырады.

## **6.4. Жуу циклын аяқтау**

Ыдыс жуу машинасының жуу циклы аяқталғаннан кейін 8 секунд бойы дыбыстық сигнал естіледі, бұдан кейін машина тоқтайды. Қосу/өшіру түймесін басып, құрылғыны өшіріңіз, су беруді жабыңыз және ыдыс жуу машинасының есігін ашыңыз.

Машинаны босату алдында шамамен 15 минут бойы күтіңіз; әйтпесе, ыдыс және асүй құралдары тым ыстық және көбірек сынғыш болады. Бұған қоса, осылайша ыдыс жақсырақ кебеді.

### **Ыдыс жуу машинасын өшіру**

Бағдарлама индикаторы өшуі керек, тек осы жағдайда бағдарлама аяқталған болады.

1. Қосу/өшіру түймесін басып ыдыс жуу машинасын өшіріңіз.
2. Су беруді жабыңыз!

### **Есікті ашқанда абай болыңыз**

Ыстық ыдыстар сынғыш болып кетеді. Сондықтан ыдыс жуу машинасынан шығармай тұрып оларды шамамен 15 минут салқындатыңыз. Ыдыс жуу машинасының есігін ашыңыз, оны ашық қалдырыңыз және ыдысты шығару алдында бірнеше минут бойы күтіңіз. Осының есебінен ыдыс суиды және жақсырақ кебеді.

### **Ыдыс жуу машинасын босату**

Егер ыдыс жуу машинасының іші ылғалды болса, бұл қалыпты.

Алдымен төменгі көрзеңкені, содан кейін жоғарғысын босатыңыз. Бұл жоғарғы көрзеңкеден су тамшыларының төменгі көрзеңкеге кіруін болдырмауға мүмкіндік береді.

## Назар аударыңыз!!!


Жуу процесі кезінде есікті ашу қауіпті; ыстық судан күйік алу қаупі бар.

## 7. ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ ТАЗАЛАУ

### 7.1. Сүзгілер жүйесі

Сүзгі ағызу жүйесіне тамақтың немесе бөгде заттардың үлкен қалдықтарының түсуіне кедергі келтіреді.

Тамақ қалдықтары сүзгіні бітеуі мүмкін; мұндай жағдайда оларды кетіру керек. Сүзгілер жүйесі аз тазалау сүзгісінен, жалпақ негізгі сүзгіден және күшті тазалайтын микросүзгіден тұрады.



#### Негізгі сүзгі (1)

Бұл сүзгіде ұсталған тамақ және кір бөлшектері төменгі жуу тармағынан берілетін арнайы ағынмен майдаланады, содан кейін суды ағызу арқышы шығарылады.

#### Аз тазалау сүзгісі (2)

Ағызуды бітеуі мүмкін үлкенірек заттарды, мысалы, сүйек бөліктерін немесе шыны сынықтарын аз тазалау сүзгісі ұстайды. Мұндай заттарды сүзгіден кетіру үшін сүзгі қақпағын жай басыңыз және оны алыңыз.

#### Күшті тазалау сүзгісі (3)


Бұл сүзгі машинаның төменгі бөлігінде кірді және тамақ қалдықтарын ұстап, бұл кірлердің жуу процесі кезінде ыдысқа қайта түсуін болдырмайды.

### Сүзуші элемент

Сүзгі жууға арналған судан тамақ бөлшектерін тиімді кетіреді және оны жуу процесі кезінде қайтадан қолдануға мүмкіндік береді. Ең жоғары өнімділікке және оңтайлы нәтижелерге жету үшін сүзгіні жүйелі түрде тазалап тұру керек. Осы себепті әр жуу циклынан кейін жартылай дөңгелек сүзгіні және резервуарды құбыр суының астында шайып, тамақтың үлкен бөлшектерін жүйелі түрде кетіріп тұру керек. Сүзуші элементті шығару үшін резервуар тұтқасын жоғары қарай тартыңыз.

## Назар аударыңыз!!!


- Ешқашан ыдыс жуу машинасын сүзгісін қоспаңыз.
- Сүзгіні дұрыс емес орнату құрылғы өнімділігінің төмендеуіне және ыдыс пен асүй құралдарының зақымдалуына әкелуі мүмкін.




#### 1-қадам:

Сүзгіні сағат тіліне кері бұрыңыз және жоғары қарай қозғалыспен шығарыңыз.



**2-қадам:**

Негізгі сүзгіні шешіңіз.

**3-қадам:**

Күшті тазалау сүзгісін шығарыңыз.

**Ескерту**

Сүзгіні шығару үшін көрсетілген әрекеттерді (1 – 3 қадамдары) ретпен орындаңыз. Сүзгіні қайта орнату үшін әрекеттерді кері ретпен орындаңыз (3 – 1).

**Ескертулер:**

- Ыдыс жуу машинасын әр қолданудан кейін сүзгіде бітелулер бар-жоғын тексеріңіз.
- Аз тазалау сүзгісін бұрап алудан кейін сүзгіні шығаруға болады. Тамақ өнімдерінің қалдықтарын кетіріңіз және сүзгіні құбыр суының астында шайыңыз.

**Назар аударыңыз!!!**

Бүкіл сүзгілер жүйесін аптасына бір рет тазалау керек.

**Сүзгіні тазалау**

Аз және күшті тазалау сүзгілерін тазалау үшін щетканы қолданыңыз. Сүзгі бөлшектерін алдыңғы беттегі суретте көрсетілгендей жалғаңыз және бүкіл топты ыдыс жуу машинасына қайта орнатыңыз; бұл үшін сүзуші элементті орнына қойып, төмен басыңыз.

**Назар аударыңыз!!!**

Тазалау кезінде сүзгіні соқпаңыз. Әйтпесе, оның пішіні өзгеріп, бұл ыдыс жуу машинасының өнімділігінің төмендеуіне әкелуі мүмкін.

**7.2. Ыдыс жуу машинасын күту**

Басқару тақтасын аздап ылғалды салфеткамен сүрту керек. Тазалаудан кейін оны мұқият кептіру керек.

Сыртқы беттерді тазалау үшін құралдарды жылтыратуға арналған сапалы заттарды қолданыңыз. Ыдыс жуу машинасының кез келген бөліктерін тазалау үшін үшкір заттарды, бүдір губкаларды немесе агрессивтік жуғыш заттарды қолданбаңыз.

**Есікті тазалау**

Есік тығыздағышын тазалау үшін тек жұмсақ, жылы суға малынған салфеткаларды қолданыңыз. Тозаңдандырғышы бар тазалау заттарын қолданбаңыз, өйткені сұйықтық есік құлыбына және электр бөлшектерге тиюі мүмкін.

## Назар аударыңыз!!!

- Есікті тазалау үшін ешқашан тозаңдандырғышы бар тазалау заттарын қолданбаңыз, өйткені олар есік құлпын және электр бөлшектерді зақымдауы мүмкін.
- Абразивтік тазалау заттарын және кейбір қағаз салфеткаларды қолдануға болмайды, өйткені олардан тот баспайтын болаттан жасалған беттерде сызаттар немесе дақтар қалуы мүмкін.

## Қатып қалудан қорғау


Қысқы уақытта құрылғыны қатып қалу нәтижесінде пайда болатын зақымдардан қорғау керек. Әр жуу циклынан кейін келесідей әрекет етіңіз:

- Ыдыс жуу машинасын электр қуатынан өшіріңіз.
- Су беруді жабыңыз және су клапанынан су беру шланғын шешіңіз.
- Су беру шланғысынан және су клапанынан суды шығарыңыз. (Ағатын су үшін қабылдау ыдысын қолданыңыз)
- Су беру шланғысын су клапанына қайта жалғаңыз.
- Жуу камерасының түбінен сүзгіні шығарыңыз және губка көмегімен құрылғының төменгі бөлігінен суды кетіріңіз.

**Ескерту.** Ыдыс жуу машинасы қатып қалса, сервистік орталыққа хабарласыңыз.

## Жуу тармақтарын тазалау

Жуу тармақтарын жүйелі түрде тазалау керек, өйткені кермек су құрамындағы химиялық заттар тозаңдатқыштарды және тармақ мойынтіректерін ластауы мүмкін. Жуу тармақтарын шешу үшін гайканы сағат тілімен бұрап алыңыз, тармақтың жоғарғы бөлігіндегі шайбаны және тармақтың өзін шешіңіз. Тармақтарды жылы сабынды сумен жуыңыз. Тозаңдатқыштарды жұмсақ щеткамен тазалау керек. Тармақтарды мұқият шайыңыз және орнына орнатыңыз.



## Құрылғының жақсы пайдалану күйін сақтау

### Әр жуу циклынан кейін

Әр қолданудан кейін ылғалдың тұрып қалуын және құрылғы ішінде иістің пайда болуын болдырмау үшін құрылғыға су беруді жабыңыз және есікті кішкене ашық қалдырыңыз.

### Құрылғыны розеткадан өшіріңіз

Тазалау және қызмет көрсету алдында әрқашан желілік штекерді розеткадан суырыңыз.

### Еріткіштерді және абразивтік тазалау заттарын қолданбаңыз

Ыдыс жуу машинасының сыртқы беттерін және резеңке элементтерін тазалау үшін еріткіштерді және абразивтік тазалау заттарын қолданбаңыз. Тек жылы сабынды суға малынған салфеткаларды қолданыңыз. Құрылғы ішіндегі кірлерді кетіру үшін сірке суының азғантай мөлшеріне құйылған салфеткаларды немесе ыдыс жуу машиналарын тазалауға арналған арнайы заттарды қолданыңыз.

### Егер құрылғы ұзақ уақыт бойы қолданылмаса

Ыдысты жүктеусіз жуу циклын іске қосу, содан кейін машинаны электр қуатынан өшіру, су

беруді жабу және есікті кішкене ашық қалдыру ұсынылады. Бұл есік тығыздағышын сақтауға және иістердің пайда болуын болдырмауға мүмкіндік береді.

### Құрылғыны жылжыту

Құрылғыны жылжыту қажет болса, оны тік күйде жылжытуға тырысыңыз. Қажет болса, құрылғыны артқы қабырғада көлденең күйде жылжытуға болады.

### Тығыздағыштар

Тығыздағышқа жабысып қалған тамақ қалдықтары жиі жағымсыз иістердің пайда болуының себебі болып табылады. Жұмсақ губкамен жүйелі түрде тазалау мұны болдырмауға мүмкіндік береді.

## 8. ОРНАТУ НҰСҚАУЛЫҒЫ

### Назар аударыңыз!!!

Құбырларды және электр жабдықты монтаждауды тек мамандар жүзеге асыруы керек. Ыдыс жуу машинасын орнату алдында электр қуатын беруді өшіріңіз. Әйтпесе, өмірге қауіп және **ток соғу қаупі бар**.


### 8.1. Орнатуға дайындау

Ыдыс жуу машинасын сумен жабдықтау, суды ағызу және электр қуаты желілеріне бар қосылымдардың жанында орнату керек. Асүй шұңғылшасының бір жағынан ыдыс жуу машинасының ағызу шлангысы қосылады.

**Ескерту.** Сәйкес монтаждық құралдар (декоративтік тақталарға арналған бекіткіштер, шуруптар) бар екенін тексеріңіз.

### [1-сурет]

Кірістіру қуысының өлшемдері. Ыдыс жуу машинасының жоғарғы тақтасынан үстел бетіне дейін 5 мм-ден азырақ, машинаның сыртқы есігі шкафтың жиегі бойынша тураланады.



## [2-сурет]

Ашық есіктен шкафқа дейінгі ең аз қашықтық.





## 8.2. Өлшемдері және декоративтік тақтаны монтаждау

1. Декоративтік ағаш тақтаны 3-суретте көрсетілгендей орнату керек.

## [3-сурет]

Декоративтік тақтаны суретте көрсетілген өлшемдерге сай орнату керек.


(Өлшемдер мм түрінде көрсетілген).



2. Декоративтік ағаш тақтаға бекіткіштерді орнатыңыз және бекіткіштерді ыдыс жуу машинасының срытқы есігіндегі сәйкес ойықтарға салыңыз (4а сур. қараңыз). Орнатудан кейін тақтаны винтер көмегімен сыртқы есікте бекітіңіз (4б сур. қараңыз).


**[4а суреті]**

Декоративтік тақтаны  
орнату

**[4б суреті]**

Декоративтік ағаш тақтаны орнату

- Тығынды алыңыз
- Винтті салыңыз
- Тығынды орнына орнатыңыз




### 8.3. Есік серіппесінің керілісін реттеу

Өндіруші сыртқы есік үшін серіппелердің оңтайлы керілісін орнатады. Декоративтік ағаш тақтаны орнатқанда серіппе керілісін реттеу керек. Реттеу механизмі болат арқанды тартуы немесе босатуы үшін реттеу винтін бұраңыз (5-суретті қараңыз).

Есік серіппесінің керілісін толығымен ашық есік көлденең күйде қалатындай реттеңіз.

#### [5-сурет]

Есік серіппесінің керілісін реттеу




### 8.4. Төгу шлангысын қосу

Төгу шлангысын диаметрі 4 см-ден аз емес су ағатын құбырға әкеліңіз немесе майыстырмай және қысып қалмай шлангтың соңын шұңғылшаға орналастырыңыз. Бұл үшін жинақтағы пластик ұстағышты қолданыңыз (6-сурет). Шлангтың жоғарғы бөлігі 40 - 100 см биіктікте орналасуы керек. Шлангтың бос соңы судың кері ағуын болдырмау үшін суға батуы керек. **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:** Төгу шлангысының жылжып кетуін және судың төгілуін болдырмау үшін арнайы пластик ұстағышты қабырғада берік түрде бекіту керек.

#### [6-сурет]


Төгу шлангысын жалғау



## 8.5. Төгу шлангысын орнату реттілігі

1. Жинақтағы скобалар көмегімен декоративтік тақтаны ыдыс жуу машинасының сыртқы есігіне орнатыңыз. Скобалардың орналасуы белгілермен көрсетілген.
2. Сол жақ және оң жақ серіппелерді керу үшін есік серіппелерінің керілісін бүйірлік кілт көмегімен сағат тілімен бұрап реттеңіз. Мұны істемесеңіз, ыдыс жуу машинасы зақымдалады (2-сурет).
3. Су беру шлангысын салқын сумен жабдықтау жүйесіне жалғаңыз.
4. Төгу шлангысын схемада көрсетілгендей жалғаңыз (6-сурет).
5. Электр қуатының сымын жалғаңыз.
6. Шкафтың үстел беті астында конденсациялық жолақты бекітіңіз. Жолақ үстел бетінің жиегіне тура бекітілгеніне көз жеткізіңіз.
7. Ыдыс жуу машинасын оның орнына орнатыңыз.
8. Ыдыс жуу машинасының биіктігін реттеңіз. Артқы табандарды құрылғының сол және оң жақтарында винттерді бұрып, машинаның алдыңғы жағынан реттеуге болады (6А суреті). Алдыңғы табандарды реттеу үшін гайка кілтінің көмегімен ыдыс жуу машинасы тураланғанша табандарды бұрыңыз (6В суреті).
9. Ыдыс жуу машинасын орнында бекіту керек. Бекітудің екі әдісі бар:
  - А. Кәдімгі үстел беті: үстел бетін ағашқа арналған екі шуруп көмегімен бекітіңіз. Ыдыс жуу машинасы үстел бетінде ілініп тұрмағанына көз жеткізіңіз (7-сурет).
  - Б. Мәрмәр немесе гранит үстел беті – скобаны ыдыс жуу машинасының бүйірлік тақтасында бекітіңіз және ыдыс жуу машинасын жиһаз корпусына бекітіңіз. Винтті резеңке тығынмен жабыңыз (8-сурет).

[7-сурет]



Ыдыс кәрзеңкесі дұрыс орналасуын және оңтайлы жуу әсерін қамтамасыз ету үшін ыдыс жуу машинасын көлденеңінен туралау керек.

1. Ыдыс жуу машинасының көлденеңінен орналасуының дұрыстығын тексеру үшін есікке және жуу камерасының ішіндегі кәрзеңке бағыттағышына уровеньді тақаныз.


2. Төрт табанның әрқайсысын жеке-жеке реттеп, ыдыс жуу машинасын туралаңыз.

### [8-сурет]

Табандарды реттеу схемасы

#### Ескерту.

Табандарды реттеудің ең жоғары биіктігі 50 мм құрайды.



## 8.6. Электр қуаты желісіне қосу

### Назар аударыңыз!!!

Жеке қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін:

- Бұл құрылғымен бірге ұзартқыш кабельдерді және жалғастырғыш тетіктерді қолдануға болмайды.
- Ешбір жағдайда электр қуаты кабелінен жерге қосу клеммасын ажыратпаңыз.

### Электр қуатын қосуға қойылатын талаптар

Белгілерде қуат беретін желідегі қажет кернеу туралы ақпарат қамтылған; ыдыс жуу машинасын сәйкес электр қуатының көзіне жалғаңыз. 10 А сақтандырғышты, инерциялық сақтандырғышты немесе ұсынылатын автоматты өшіргішті қолданыңыз, сондай-ақ, осы құрылғы үшін жеке ток тізбегін қамтамасыз етіңіз.

### Электр қуатын қосу

Желідегі электр тогының кернеуі мен жиілігі белгілерде көрсетілгендерге сәйкес болуы керек. Желілік штекерді тек тиісті түрде жерге қосылған розеткаға қосу керек. Егер штекер құрылғы қосылатын розеткаға жарамаса, розетканы ауыстырыңыз. Жалғастырғыш тетіктерді немесе ұқсас жабдықты қолданбаңыз, өйткені оларды қолдану қызып кетуге және тұтануға әкелуі мүмкін.



**Назар аударыңыз!!!**

Қолдану алдында құрылғы тиісті түрде жерге қосылғанына көз жеткізіңіз.

**Жерге қосу туралы нұсқаулар**

Бұл құрылғыны жерге қосу керек. Істен шығу немесе ақаулық жағдайында жерге қосу ток үшін кедергісі ең аз жолды жасап, ток соғу қаупін төмендетеді. Құрылғы жерге қосатын сым және штекер бар кабельмен жабдықталған. Штекерді жергілікті стандарттар мен нұсқауларға сай орнатылған және жерге қосылған жарамды розеткаға қосу керек.

**Назар аударыңыз!!!**


Құрылғының жерге қосатын кабелін дұрыс емес қосу ток соғуына әкелуі мүмкін. Құрылғы тиісті түрде жерге қосылғанына сенімді болмасаңыз, білікті электрикке немесе сервистік орталыққа барыңыз. Розеткаға сай болмаса, жеткізу жинағына кіретін желілік штекерді өзгертпеңіз. Жарамды розетканы білікті электрик орнатуы керек.

**Қауіпсіз су беру шлангысын қосу**

Құрылғыны сұтартқыш шүмекке қосуға арналған жаңа жинақ көмегімен қосу керек.

Қосу үшін ескі шлангтар жинақтарын қайта қолдануға болмайды.

Су қысымы 0,04 МПа – 1 МПа құрауы керек. Егер қысым төменірек болса, біздің сервистік қызметке хабарласыңыз.



- Ыдыс жуу машинасының артқы қабырғасында орналасқан су беру шлангысын толығымен жазыңыз.
- Қауіпсіз су беру шлангысын 3/4 дюймдік ирек оймасы бар сұтартқыш шүмекке бұрап бекітіңіз.
- Ыдыс жуу машинасын қосу алдында шүмекті толығымен ашыңыз.

**Қауіпсіз су беру шлангысы туралы ақпарат**

Қауіпсіз су беру шлангысында қос қабырға бар. Мұндай жүйе ішкі шланг герметикалық емес болса және су беру шлангысының өзі мен сыртқы гофрленген шлангтың арасындағы кеңістік суға толғанда су беруді блоктауды қамтамасыз етеді.

**Назар аударыңыз!!!**

Ыдыс жуу машинасымен бір құбырға жалғанған болса, душ тоңазытқышын қосу шлангысы жарылуы мүмкін. Мүмкіндігінше душ шлангын құбырдан ажырату және тесікті тығынмен жабу ұсынылады.

**Қауіпсіз су беру шлангысын ажырату**

- Су беруді жабыңыз.
- Қысымды босату түймесін басып, су қысымын жіберіңіз. Бұл су қысымын төмендетуге мүмкіндік береді және сізге және қоршаған заттарға судың шашырауын болдырмайды.
- Қауіпсіз су беру шлангысын сұтартқыш шүмектен ажыратыңыз.

## **8.7. Суық сумен жабдықтау желісіне қосу**

Суық су беру шлангысын ирек оймасы 3/4 дюймдік жалғау буынына жалғаңыз; қосылымның берік болуын қадағалаңыз. Егер құбырлар жаңа болса немесе ұзақ уақыт бойы қолданылмаса, судың мөлдір болғанша ағуына мүмкіндік беріңіз. Бұл шара су беру арнасының бітелуін және құрылғының зақымдалуын болдырмау үшін қажет.

### **Құрылғының орналасуы**

Құрылғыны қажет жерде орналастырыңыз. Құрылғының артқы қабырғасы қабырғаға қарап тұруы, бүйірлік қабырғалары іргелес шкафтарға немесе қабырғаларға қарап тұруы керек. Ыдыс жуу машинасы дұрыс орнатуды қамтамасыз ету үшін құрылғының сол жағында немесе оң жағында орналастыруға болатын суды беру және төгу шлангтарымен жабдықталған.

### **Шлангтардан артық суды жіберу**

Егер төгетін жер еденнен 1000 мм-ден көбірек биіктікте орналасқан болса, артық су суды шығару жүйесіне тікелей төгу мүмкін емес. Мұндай жағдайда шлангтардан артық суды төгетін жерден төмен орналасқан саптыаяққа немесе басқа қолайлы ыдысқа төгу керек.

### **Суды төгу**

Төгу шлангын қосыңыз. Судың ағуын болдырмау үшін төгу шлангысы тиісті түрде қосу керек. Төгу шлангысын майыстыруға немесе қысуға болмайды.

### **Ұзарту шлангысы**

Төгу шлангысын ұзарту қажет болса, ұқсас шлангты қолданыңыз. Оның ұзындығы 4 метрден аспауы керек, әйтпесе, жуу тиімділігі төмендеуі мүмкін.

### **Сифонды қосу**

Суды шығару жүйесіне қосу жуу камерасының түбінен 40 см (ең аз) - 100 см (ең көп) биіктікте орналасуы керек. Төгу шлангысын қамыт көмегімен бекіту керек. Шлангының бос соңы суға батпауы керек.

## **8.8. Ыдыс жуу машинасын іске қосу**

Ыдыс жуу машинасын іске қосу алдында келесіні тексеру керек:

- Ыдыс жуу машинасы көлденеңінен тік тұр және тиісті түрде бекітілген.
- Кіріс клапан ашық.
- Құбырларға жалғау орындары герметикалық.
- Кабельдер берік түрде жалғанған.
- Электр қуаты қосылған.
- Суды беру және шығару шлангтары бекітілген.
- Барлық орама материалдары және нұсқаулықтар ыдыс жуу машинасынан шығарылған.

### **Назар аударыңыз!!!**

Бұл нұсқаулықты машинаны орнатудан кейін сақтаңыз.

## 9. 25 АҚАУЛЫҚТЫ ІЗДЕУ ТУРАЛЫ ҰСЫНЫСТАР

### 9.1. Сервистік орталыққа хабарласу алдында

Кейбір ақаулықтарды кестедегі нұсқауларды орындап, сервистік орталыққа хабарласпай жоюға болады.

	Мәселе	Мүмкін себептер	Жою
Техникалық мәселелер	Ыдыс жуу машинасы іске қосылмайды	Сақтандырғыш күйіп кеткен немесе авариялық өшіргіш іске қосылды	Сақтандырғышты ауыстырыңыз немесе авариялық өшіргішті өшіріңіз. Ыдыс жуу машинасымен бірдей электр тізбегіне қосылған барлық құрылғыларды алыңыз.
		Электр қуаты қосылмаған	Ыдыс жуу машинасын қосу, есікті тығыз жабу керек. Желілік штекерді розеткаға тиісті түрде қосу керек.
		Су қысымы төмен	Құрылғыны сумен жабдықтау желісіне тиісті түрде қосу керек, суды беруді ашу керек.
		Ыдыс жуу машинасының есігі тығыз жабылмаған	Есікті «шырт» еткенше тығыз жабыңыз.
	Су ыдыс жуу машинасынан тартылмайды	Төгу шлангысы майысқан	Төгу шлангысын тексеріңіз.
		Сүзгі ласталған	Аз тазалау сүзгісін тексеріңіз (“Сүзгіні тазалау” тарауын қараңыз).
		Асүй құйылыс тесігі бітелген	Асүй құйылыс тесігінде су кедергісіз өтетінін тексеріңіз. Егер құйылыс тесігі бітелген болса, ыдыс жуу машиналарына қызмет көрсету сервистік орталығына емес, сантехникке хабарласу керек.
Жалпы мәселелер	Жуу камерасындағы көбік	Дұрыс емес жуу заты	Көбіктің пайда болуын болдырмау үшін тек ыдыс жуу машиналарына арналған арнайы жуғыш заттарды қолданыңыз. Көбік пайда болса, ыдыс жуу машинасын ашыңыз және оның түсуіне мүмкіндік беріңіз. Жуу камерасына шамамен 4 литр салқын су құйыңыз. Есік машинасын жабыңыз және блоктаңыз және кез келген жуу циклын іске қосыңыз. Ыдыс жуу машинасы суды төгеді. Суды төккеннен кейін есікті ашыңыз және көбік кеткенін тексеріңіз. Қажет болса, қайталаңыз.
		Шайғыш тегіліп кетті	Өрқашан тегілген шайғышты бірден тазалаңыз.
	Жуу камерасының ішкі бетінде дақтар	Бояғышты қамтитын жуғыш затты қолдану	Тек бояғыштарсыз жуғыш заттарды қолданыңыз.
	Ішкі беттердегі ақ қабат	Қатты судағы минералдар	Камераның ішкі бетін тазалау үшін ыдыс жуу машиналарына арналған жуғыш зат жағылған ылғалды губканы қолданыңыз; мұны істегенде резеңке қолғап киіңіз. Көбіктің пайда болуын болдырмау үшін ыдыс жуу машиналарына арналғандардан басқа жуғыш заттарды қолданбаңыз.

	Мәселе	Мүмкін себептер	Жою
Жалпы мәселелер	Құрылғылардағы тот немесе қабат	Құрылғылар тот баспайтын материалдардан жасалған.	
		Регенерациялық тұзды қосудан кейін бағдарлама іске қосылмады. Жуу процесі кезінде камераға тұз қалдықтары түсті.	Регенерациялық тұзды қосудан кейін әрқашан машинаға ыдысты жүктеуіс және турбо функциясын (бар болса) қолданусыз тез жуу бағдарламасын іске қосыңыз.
		Суды жұмсарту құрылғысының қақағы тығыз емес жабылған.	Қақпақты тексеріңіз. Ол тығыз жабылуы керек.
Шулар	Жуу камерасындағы тарсыл	Жуу тармағы көрзеңкедегі ыдысты ұрады.	Бағдарламаны орындауды тоқтатыңыз және жуу тармағының қозғалысына кедергі келтіретін ыдыстардың орналасуын ауыстырыңыз.
	Жуу камерасындағы гүрсіл	Ыдыс камерада еркін орналасқан.	Бағдарламаның орындалуын тоқтатыңыз және ыдыстың орналасуын ауыстырыңыз.
	Су құбырларындағы тарсыл	Ыдыс жуу машинасын орнатуға немесе құбырлардың көлденең қимасына байланысты пайда болуы мүмкін.	Бұл ыдыс жуу машинасының жұмысына әсер етпейді. Күмәнді жағдайларда білікті техникке хабарласыңыз.
Төмен жуу сапасы	Тәрелкелер лас	Тәрелкелер дұрыс емес орналастырылған.	“Ыдыс жуу машинасының көрзеңкелерін жүктеу” тарауындағы нұсқауларды қараңыз.
		Жеткіліксіз қарқынды бағдарлама.	Қарқындырақ бағдарламаны таңдаңыз. “Жуу циклдарының кестесі” тарауын қараңыз.
		Жеткіліксіз жуғыш зат қолданылған.	Жуғыш заттың көбірек мөлшерін қолданыңыз немесе жуғыш затты ауыстырыңыз.
		Жуу тармақтары ыдыспен бітелген.	Ыдысты жуу тармақтарының қозғалысына кедергі келтірмейтіндей орналастырыңыз.
	Жуу камерасының түбіндегі сүзуші элемент бітелген немесе дұрыс емес салынған. Бұған байланысты жуу тармағының тозаңдатқыштары бұғатталуы мүмкін.	Сүзуші элементті тазалаңыз және/немесе оны салыңыз. Тармақтардың шашыратқыштарын тазалаңыз. “Жуу тармақтарын тазалау” тарауын қараңыз.	
Бокалдардағы тұнба	Жұмсақ су мен жуғыш заттың тым көп мөлшерінің тіркесімі.	Жұмсақ сумен жуғанда жуғыш заттың азырақ мөлшерін қолданыңыз, бокалдарды жуу үшін қысқарақ жуу циклын таңдаңыз.	

	Мәселе	Мүмкін себептер	Жою
Төмен жуу сапасы	Тәрелкелердегі қара немесе сұр дақтар	Алюминий асүй құралдары тәрелкелерге сүйкелген.	Дақтарды жұмсақ абразивтік зат көмегімен кетіріңіз.
	Резервуарда жуғыш зат қалған	Резервуар тәрелкелермен бұғатталған.	Тәрелкелерді дұрыс орналастырыңыз.
Төмен кептіру сапасы	Тәрелкелер кеппейді	Дұрыс емес орналасу.	Ыдысты пайдалану нұсқаулығында көрсетілгендей жүктеңіз.
		Шайғыш жеткіліксіз.	Шайғыш дозасын арттырыңыз/шайғыш резервуарын толтырыңыз.
		Тәрелкелер тым ерте шығарылды.	Ыдыс жуу машинасын жуу біте сала босатпаңыз. Бұды шығару үшін есікті кішкене ашыңыз. Машинаны тек тәрелкелер қолдармен алуға болатындай суығаннан кейін ғана босатыңыз. Алдымен төменгі көрзеңкені босатыңыз. Бұл жоғарғы көрзеңкеден су тамшыларының төменгі көрзеңкеге ағуын болдырмауға мүмкіндік береді.
		Қате бағдарлама таңдалған.	Қысқарақ жуу бағдарламасында су температурасы төменірек. Бұл жуу тиімділігін төмендетеді. Ұзағырақ жуу бағдарламасын таңдаңыз.
		Қабаты нашар құрылғыларды қолдану.	Мұндай құрылғылардан су нашарлау ағады. Мұндай түрге жататын құрылғылар және ыдыс ыдыс жуу машиналарына арналған.

## 9.2. Қателердің кодтары


Кейбір ақаулықтар кезінде дисплейде келесі ескертетін қате кодтары көрсетіледі:

Кодтар	Мәндері	Мүмкін себептер
E1	Су беру баяулатылған	Шүмек ашылмаған, су беру шектелген, су қысымы тым төмен
E4	Толып кету	Су екпіні тым күшті

### Назар аударыңыз!!!

- Ағу бар болса, сервистік орталықтан нұсқаулар алғанша негізгі шүмекті жабыңыз.
- Толып кеткенде немесе кішкене ағу кезінде корпустың төменгі бөлігінде су жиналса, ыдыс жуу машинасын келесі іске қосу алдында оны кетіру керек.

### 9.3. Техникалық сипаттамалары



	DW-451	DW-601
Биіктігі:	815 мм	
Ені:	448 мм	598 мм
Тереңдігі:	550 мм (с закрытой дверцей)	
Жалғанған қуаты:	белгілерді қараңыз	
Су қысымы:	0,04-1,0 Мпа	
Өнімділігі:	10 стандартты жинақ	14 стандартты жинақ

ЕС № 1059/2010 регламентіне сай тұрмыстық ыдыс жуу машинасының техникалық сипаттамалары

	DW-451	DW-601
Стандартты ыдыс жинақтары	10	14
Қуат тұтыну сыныбы <sup>1</sup>	A++	
Жылдық қуат тұтыну <sup>2</sup>	211 кВт/сағ	266 кВт/сағ
Стандартты жуу циклының қуат тұтынуы	0,74 кВт/сағ	
Өшірілген күйдегі тұтынылатын қуат	0 Вт	
Күту режиміндегі тұтынылатын қуат	1,1 Вт	
Жылдық суды жұмсау <sup>3</sup>	2520 л	3080 л
Келтіру сыныбы <sup>4</sup>	A	
Стандартты бағдарлама <sup>5</sup>	ECO 45°C	
Стандартты жуу циклының ұзақтығы	185 мин.	
Шу деңгейі	49 дБ(А)/1пВт	
Құрылысы	кірістірілетін еден үстілік	
Кірістіру мүмкіндігі	иә	
Биіктігі	81,5 см	
Ені	44,8 см	49,8 см
Тереңдігі (есікті және жалғау жабдығын қоса)	55 см	
Тұтынылатын қуаты	1930 Вт	
Желі кернеуі/жиілік	230 В~/50 Гц	
Су қысымы	0,4-10 бар = 0,04-1 Мпа	

**Ескерту.**

<sup>1</sup> – A+++ (ең үнемді) бастап D (ең үнемді емес) дейін.

<sup>2</sup> – “222 кВт/сағ” жылдық тұтыну мәні қуатты тұтыну төмен режимдерде салқын сумен толтырған кездегі 280 стандартты жуу циклының нәтижелері бойынша алынған. Қуат тұтынудың іс жүзіндегі деңгейі құрылғыны қолдану әдісіне байланысты.

<sup>3</sup> – “2520 / 3080 литр” жылдық суды тұтыну мәні 280 стандартты жуу циклының нәтижелері бойынша алынған. Іс жүзіндегі суды жұмсау құрылғыны қолдану әдісіне байланысты. 4 – A (ең жоғары тиімділік) бастап G (ең төмен тиімділік) дейінгі шкала бойынша.

<sup>4</sup> – A (ең жоғары тиімділік) бастап G (ең төмен тиімділік) дейінгі шкала бойынша.

<sup>5</sup> – Бұл бағдарлама орташа ласталған ыдысты жууға арналған және қуатты тұтыну және суды жұмсау тұрығысынан ең тиімді болып табылады.

Құрылғы үйлестірілген еуропалық стандарттарға, сондай-ақ, жеткізу сәтінде қолданыстағы редакциядағы ЕО директиваларына сай:

- төмен кернеулі жабдық туралы 2006/95/ЕС
- электромагниттік үйлесімділік туралы 2004/108/ЕС
- ыдыс жуу машиналарының экологиялық қауіпсіздігі туралы 1016/2010/EU

Жоғарыда берілген мәндер дәл анықталған пайдалану жағдайларында стандарттарға сай алынған. Нәтижелер ыдыстың мөлшеріне және ластану дәрежесіне, судың кермектігіне, жуғыш зат мөлшеріне және т. б. байланысты қатты ерекшеленуі мүмкін.

Пайдалану нұсқаулығы Еуропалық Одақ территориясында қолданылатын нормаларға және ережелерге негізделеді.

## 9. КЕПІЛДІК

Біз осы ыдыс жуу машинасына сатып алу күнінен бастап бір жылға кепілдік береміз. Егер сіз бұйымды осы нұсқаулыққа сай қолдансаңыз, бірақ бұзылу бәрібір орын алса, ең жақын сервистік орталыққа хабарласыңыз.

Кепілдік бойынша қызмет көрсетілуі үшін сатушы сату кезінде міндетті түрде толтыруы керек кепілдік талонымен бірге тұрмыстық құрылғыны сатып алу чегін беру керек. Кепілдік талонын толтыруды талап етіңіз.


Әйтпесе, кепілдік бойынша міндеттемелер жарамсыз болады.

### Келесі жағдайларда кепілдік қолданылмайды:

- Осы нұсқаулықта немесе кепілдік талонында көрсетілген талаптар бұзылған.
- Ыдыс жуу машинасы өндірістік мақсаттарда қолданылған.
- Кепілдік мерзімі біткен.
- Сапалы емес орнату, дұрыс емес қолдану орын алды.
- Желінің электр кернеуі ыдыс жуу машинасының нұсқаулығының талаптарына сай емес.
- Ыдыс жуу машинасы өкілетті емес сервистік станцияда жөндеуден өткен немесе жөндеу кезінде басқа өндірушінің қосалқы бөлшектері қолданылған.

Кепілдік мерзімі біткеннен кейін барлық регламенттік жұмыстар, жөндеу және қосалқы бөлшектерді ауыстыру ақылы болып табылады.

Бұйым еуропалық стандарттарға сай өндірілген және сертификаттаудан өткізілген.



Бұл нұсқаулық келесі үлгілеріне арналған: DW-451, DW-601.

**Құрметті сатып алушы,**

**“MBS” сауда белгісінің өнімін таңдағаныңыз үшін рақмет.**



**Өндіруші**

ФОШАН ШУНДЕ МИДЕА УОШИНГ АППЛАЙНС МФГ КО., ЛТД.  
20 ГАНКИАН РОАД, БЕЙДЖАО, ШУНДЕ ДИСТРИКТ,  
ФОШАНЬ, ГУАНДОНГ, ҚЫТАЙ.  
МБС СТАРС ГРУПП АГ ҮШІН

**Сериялық идентификациялық нөмір**

(Кепілдік талонында, құрылғыдағы жапсырмада, қораптағы жапсырмада көрсетілген).

2014 02 000000




1 – жыл

2 – ай

3 – бұйымның жеке нөмірі







CE ISO9001 : 2000 EAC